

1992 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендірудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 қаңтар 1994 ж. N 2. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 673 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.07.2013 № 673 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіруді жеделдету және мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процестерін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1288 K931288_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1992 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендірудің тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 3 қаңтардағы
N 2 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

1992 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға
берілген мемлекеттік тұрғын үй қорын

жекешелендірудің тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіруді жеделдету және мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процестерін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1288 қаулысына және Қазақ КСР Президентінің 1991 жылғы 13 қыркүйектегі N 444 қаулысымен бекітілген" Қазақ КСР-інде мемлекеттік меншікті жекешелендірудің купондық механизмі туралы Ережеге" сәйкес әзірленген.

2. Осы Ереженің күшіне енгізілуі мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру мәселелерін реттейтін, бұрын қабылданған нормативтік актілердің күшін жоймайды, ал 1992 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген тұрғын үйлерді жекешелендіру Ережесін анықтайды.

Сонымен бірге тұрғын үйлерді жекешелендірудің негізгі принциптері, республика азаматтарына тұрғын үйді жекешелендіру купондарын есептеу шарттары мен мөлшерлері, купондық механизм туралы ережеде азаматтардың жекелеген санаттары үшін көзделген жеңілдіктер сақталады.

3. 1992 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген және жекешелендіруге жататын мемлекеттік тұрғын үй қоры пәтерлерінің және жатақханалардағы бөлмелік тұрғын үй-жайлардың құны баланстық құн бойынша есептеледі.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.16. N 1560
қаулысымен. Р 9 9 1 5 6 0 _

4. 1991 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша еңбек стажына байланысты азаматтарға есептелген тұрғын үйді жекешелендіру купондарының санын 1992 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген мемлекеттік тұрғын үй қорының құнына сәйкестендіру мақсатында жекешелендірілетін тұрғын үй құнының индексі белгіленеді.

5. Тұрғын үй құнының индексін белгілеуге негіз етіп 1991 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға сәйкес республика бойынша орташа есеппен алғанда бір шаршы метр пайдалы алаңының орташа құны алынады, ол 64 тиынға тең.

6. 1992 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген нақты объекті бойынша жекешелендірілген пәтердің және жатақханалардағы бөлмелік тұрғын үй-жайлардың бір шаршы метр тұрғын алаңының құны, оның баланстық құнына қарай, тозуы мен белгіленген коэффициенті (қабаты, экологиясы, құрылыс материалдары, құнының қымбаттауы және т.б.) ескере отырып айқындалады.

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.16. N 1560
қаулысымен. Р 9 9 1 5 6 0 _

7. Жекешелендірілетін пәтердің және жатақханалардағы бөлмелік тұрғын

үй-жайлардың пайдалы алаңының бір шаршы метрі құнының бағалық жылғы (1990 ж.) тұрғын үйдің бір шаршы метрінің құнына қатысы осы нақтылы объекті бойынша тұрғын жай құнының индексін құрайды.

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.16. N 1560 қаулысымен. Р 9 9 1 5 6 0 _

8. Азаматтардың купондық, есеп-шоттарын мемлекеттік тұрғын үй қорының жекешелендірілуі үшін жауапты органдар 1992 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген нақтылы объекті бойынша тұрғын жай құнының индексін ескере отырып қайта есептейді. Есеп купондық механизм туралы ережеге сәйкес азаматтарға есептелген купондардың санын тұрғын үй құнының индексіне көбейту жолымен жүргізіледі.

9. Егер тұрғын үйді жекешелендіру купондарының сомасы жекешелендірілетін пәтерді (үйді) және жатақханалардағы бөлмелік тұрғын үй-жайлардың сатып алу үшін жеткілікті болса, ол қолданылып отырған тәртіпке сәйкес жекешелендіріледі. Тұрғын үйді жекешелендіру купондарының қолда қалған бөлігі 1991 жылға сәйкес кері тәртіппен тұрғын үй құнының индексіне бөлу жолымен қайта есептеліп, "Қазжинақбанкі" бөлімшесінің арнаулы есеп шотына аударылады және оны азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1288 қаулысымен бекітілген тұрғын үйді жекешелендіру купондарын пайдаланудың тәртібі туралы Ережеге сәйкес пайдалана алады.

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.16. N 1560 қаулысымен. Р 9 9 1 5 6 0 _

10. Егер жекешелендірілетін пәтердің (үйдің) және жатақханалардағы бөлмелік тұрғын үй-жайлардың баланстық құны тұрғын үйді жекешелендіру купондарының қайта есептелген сомасынан асып кетсе, олардың арасындағы айырмашылық қосымша төленуге тиіс.

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.16. N 1560 қаулысымен. Р 9 9 1 5 6 0 _

11. Қосымша төленуге тиісті соманы ақшалай бір мезгілде немесе бөліп-бөліп төлеуге болады. Тұрғын үйді жекешелендіру купондары жетіспеген жағдайда азаматтар өздеріне қажетті купондарды сондай-ақ Тұрғын үйді жекешелендіру купондарын пайдаланудың тәртібі туралы Ережеге сәйкес басқа адамдардан сатып ала алады.
(1 2 - т а р м а қ) .

13. Осы Ереже шыққанға дейін шарт жасасып, өздерінің мемлекеттік жекешелендірілмеген пәтерлерін орнына құрылыс салынуына байланысты ұйымдарға тапсырған азаматтар жаңадан тұрғын үй алған кезде осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес жаңа пәтерін жекешелендіруге құқылы.

(1 4 - т а р м а қ) .

Ескерту. 12 және 14 тармақтардың күші жойылған - ҚРМК-нің
11.01. 1995 ж. N 31 қаулысына сәйкес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК